



Газетіміздің тілшісі мен Ұлытау облысы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің басшысы Жеңісбек АХМЕТОВТІң арасындағы әңгіме бүгінгі таңда өзекті мәселеге айналған баға мен базарлардың жай- күйіне, осы мәселелерді жолға қоюдағы заңнамаларға енгізілген өзгертулерге негізделді.

**Жеңісбек АХМЕТОВ,**  
Ұлытау облысы Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің басшысы:

БІЗДІҢ  
СҰХБАТ



# ТҰТЫНУШЫҒА БАҒА мен САПА ҒАНА ЕМЕС,

## САУДА МӘДЕНИЕТІНІҢ ДЕ ТАЛАПҚА САЙ БОЛҒАНЫ ҚАЖЕТ

– Әңгімеңізді сіз басқаратын департаменттің құзырына не кіреді деген сауалдан бастасақ.

– Ұлытау облысында Ұлттық статистика бюросының ақпаратына сәйкес 9 мыңға жуық кәсіпкерлер тіркелген, осы тұрғыда тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сауда қызметін реттеу саласында ҚР Сауда және интеграция министрлігінің аумақтық бөлімшесі ретінде Ұлытау облысы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті жұмыс атқарады.

Департамент ішкі сауда қызметін реттеу саласында, оның ішінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына сауда үстемесін қадағалайтын мемлекеттік орган.

– Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына баға қою деген елімізде өзекті мәселенің біріне айналды. Бұл бағытта облыстағы жағдай қандай?

– Қазіргі таңда облыс төңірегінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына баға тұрақты. Бұл департаменттің әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағасының өсуін тежеуді бақылау құралдарын тиімді іске асыру есебінен қамтамасыз етілді. Десек те, бұл бағытта «екі рет асағысы келетін» кәсіпкерлердің бар екенін жасыруға болмас. Олар әрине, белгіленген заңнамаға сәйкес өз «жазаларын» алып жатыр.

– Егер мүмкіндік болса осы мәселені жіктеліп айта кетсеңіз. Қанша құқық бұзушылық орын алды? Қандай шаралар қолданылды?

– 2024 жылда департаментпен электрондық шот фактураларға талдау жүргізіліп және Ұлытау облысы әкімінің өкіміне сәйкес құрылған Ұлытау облысы бойынша азық-түлік бағаларына баға белгілеудің бүкіл тізбегі бойынша делдалдық схемаларды тексеру жөніндегі комиссия қатысушыларының қажырлы еңбегінің арқасында, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарына сауда үстемесінің мөлшерін негізсіз арттырған барлығы 340 кәсіпкер Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 204-4-бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына заң бұзушылықтардың басым бөлігі сүзбе, күнбағыс майы, жұмыртқа, тауық еті, қант және рожки өнімдерінен анықталған.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында жария шарт жағдайында тауар өткізу кезінде тауарлардың баға жапсырмаларын орналастырмаған 58 жеке кәсіпкер Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» кодексінің 193-бабы 4-тармағына сәйкес жауапкершілікке тартылып, қысқартылған түрінде 627 640 теңге көлемінде айыппұл өндірілген.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында тұтынушылардың бұрышын орнала-

стырмаған және жазбаша наразылыққа жауап бермеген 142 жеке кәсіпкер Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 190-бабы 5-тармағына сәйкес жауапкершілікке тартылған.

– Биыл біраз заңнамаларға өзгерістер енгізілді. Солардың қатарында сіздердің салаларыңызға қатыстысы бар ма?

– Дұрыс айтасыз. Осы орайда, Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 10 қаңтардағы № 155-VIII ҚРЗ Заңына сәйкес «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізетінін хабарлар етпекпін.

Яғни Кодекстің 190-бабының бесінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда баяндалады.

5. Сатушының (дайындаушының, орындаушының):

1) сатушының (дайындаушының, орындаушының), тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органның және тұтынушылық дауларды сотқа дейінгі реттеу субъектілерінің байланыс деректері туралы ақпаратты, сондай-ақ өзінің бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру үшін тұтынушының оларға жүгіну құқығы туралы ақпаратты қазақ және орыс тілдерінде орналастыру;

2) Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамасында белгіленген мерзімде тиісті сападағы да, тиісті емес сападағы да тауарды айырбастауды немесе қайтаруды қамтамасыз ету;

3) Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамасында белгіленген мерзімде тұтынушының құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылықтарды жою туралы наразылыққа жазбаша жауап ұсыну жөніндегі міндеттерін орындамауы ескерту жасауға алып келеді. Жаңа редакцияда аталған бұзушылыққа:

«жеке тұлғаларға – 5, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – 10, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 15, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 25 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді»;

Кодекстің 204-4 бабында:

1. Ішкі сауда субъектісінің әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу туралы заңнамасында белгіленген сауда үстемесінің мөл-

шерін арттырғаны үшін ескерту жасауға алып келсе, Жаңа редакцияда: «жеке тұлғаларға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – 5, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 35, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – 150 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.»;

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет – орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 75-тен 70 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде азайғандығын атап өтеміз.

– Тұтынушылардың құқығын қорғаудың бір жолы сауда мәдениетін қалыптастыру. Бұл тұрғыда сіз басқаратын департамент қандай жұмыстар атқарып отыр?

– Иә, тұтынушы құқығы тауардың бағасы және сапасымен ғана шектелмейді. Оларға сапалы, мәдениетті қызмет көрсету де өзекті. Ал, сауда мәдениетін қалыптастыру үшін сауда орындары да тұтынушылардың өскелең талаптарына сай болуы керек. Осы орайда өңірімізде өтпеген-ай дегізетін мәселелер де жоқ емес. Бұл әсіресе базарларға қатысты болып отыр. Ұлытау облысында қазіргі таңда үстіміздегі жылғы Ұлттық статистика бюросының ақпаратына сәйкес 5 сауда базары тіркелген. Олар Жезқазған қаласындағы – «Нарық» сауда базары («Панацея» ЖШС – Оралғайша Рахметовна Нигматуллина), «Мерей» сауда базары – Жезқазған қаласы («Табұлғанов Н. И.» ЖК – Нурлан Маликович Табулғанов), «Шаруа» сауда базары – («Сауда орталығы Шаруа» ЖШС – Ерлан Темирулы Кенжебеков), Сәтбаев қаласындағы – «Мал жай» мал базары («Адилбаев К. С.» ЖК – Киясбек Сапарбекович Адильбаев), «Сарыарқа» сауда базары («Торегельдина Р.» ЖК – Раушан Балтабаевна Торегельдина).

– Осы базарларды қалыпқа келтіруде нақтылы бағдарлама қабылданған ба?

– Әрине. Қазақстан Республикасы Премьер-министрі орынбасарының – Сауда және интеграция министрінің 30.03.2023 жылғы Сауда базарларын жаңғырту жөніндегі жол картасы жасалынған. Осы жол картасына Ұлытау облысы бойынша 3 базар енгізілген. Атап айтқанда «Сарыарқа» автобазары («Ахмад» ЖК – Кабылдаш Қыздарбекович Казжапаров) 2023 – 2024 жылдарға, «Нарық» пен «Мерей» сауда базарлары 2024 – 2025 жылдарға кіргізілген.

– «Жол картасының» басты мақсаты неге құрылған?

– Ең басты мақсат, сауда орындарын жаңғырту, тәртіпке келтіру инфрақұрылымды жақсартуға, сатушылар мен сатып алушылар үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған. Жобаларды іске асыру шеңберінде сауда павильондарын салу, қолданыстағы павильондарға күрделі жөндеу жасалады, сауда алаңдары кеңейтіліп, қауіпсіздік пен санитарлық нормалардың жаңа стандарттары енгізіледі.

– Жоғарыда аталған үш базар осы үрдістен көріне алды ма? Жаңғырту жұмыстары қалай жүруде?

– «Сарыарқа» автобазары жол картасына сәйкес міндеттелген жаңғырту жұмыстарын жүргізіп, Экономикалық қызмет түрлері жалпы жіктеуіші (ЭКЖЖ – ОКЭД), яғни қызмет түрін ауыстырып, сауда базарларының тізбесінен шығарылды.

Бүгінгі таңда сауда базарлары, қала құрылысы, санитарлық, өрт стандарттарына сәйкес келе бермейді. Сондықтан, біз базарларды жаңғырту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарға мониторинг жүргізіп жатырмыз. Осы мониторинг көрсеткендей, жол картасын іске асыру барысында «Нарық» және «Мерей» сауда базарларының жұмысы кешеуілдеуде. Аталған базарлар бойынша сауда базарларын жаңғырту жөнінде және заң талаптарына сәйкес түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

– Тағы бір сұрақ, осы базар иесі мен сатушы және сатып алушылар арасында белгіленген бір тәртіп, регламент бар ма?

– Әрине, бар. Ол регламент әр базарда болуы керек. Регламентті сауда базары әкімшісі бекітеді. Онда сауда базарының жұмыс режимі туралы мәліметтер және ішкі сауда субъектілерінің, сатып алушылар мен сауда базары әкімшілігі жұмыскерлерінің сауда базарына кіру тәртібі, сауда базары ұсынатын қосымша көрсетілетін қызметтер тізбесінің (бар болса) және ішкі сауда субъектілеріне сауда орындарын беру тәртібінің, олардың сипаттамасының, мүліктік жалдау (жалға алу) шарты, талаптары көрсетілуі қажет. Өкінішке қарай біз атаған екі базарда 2024 жылға арналған мұндай регламент болмай шықты. Яғни, «Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 2-7-тармағына сәйкес ішкі сауда субъектілері мен олардың әкімшілігінің жұмыскерлері үшін ірі сауда объектісінің, сауда базарының жұмыс режимін қамтитын жұмыс регламентін бекіту жөнінде талаптар сақтамаған. Осы бойынша талап бұзушылық анықталып, «ЕСКЕРТУ» жөнінде әкімшілік жауапкершілік қолданылды.

– Соңғы сауал, базарларды жаңғырту бойынша мемлекеттен көрсетілетін көмектер мен қолдаулар бар ма?

– Бар. Осы орайда «Заңды іске асыру үшін жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын көрсету» қағидалары қабылданды. Мемлекеттік қолдау шараларын ұсынудың нақты тетігі мен шарттары айқындалды. Нақтырақ айтсақ, базарларды жаңғыртуды жүргізіп жатқан, жүргіземін деген кәсіпкерлер мемлекеттік қолдауды ала алады. Жаңғыртуға жұмсалатын жалпы қаражаттың 10,75 пайызын мемлекет субсидиялап береді, қалған банктің пайыздық мөлшерлемесін кәсіпкер өзі төлейді. Мемлекеттік қолдау шаралары екі түрлі тәсіл арқылы көрсетіледі. Біріншісі – несие мөлшерлемесін субсидиялау. Екіншісі – несиеге кепіл болу.

Жалпы, мемлекеттік қолдау шаралары төрт түрлі мақсатқа бағытталған. Олар – сауда базарларын жаңғырту үшін, сауда объектілерін салу, кеңейту, реконструкциялау үшін, үй жанынан дүкен салу үшін және осы салада IT бағдарламалар жасау үшін.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан  
Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.

“

Қазақстан Республикасы Премьер-министрі орынбасарының – Сауда және интеграция министрінің 30.03.2023 жылғы Сауда базарларын жаңғырту жөніндегі жол картасы жасалынған. Осы жол картасына Ұлытау облысы бойынша 3 базар енгізілген. Атап айтқанда «Сарыарқа» автобазары («Ахмад» ЖК – Кабылдаш Қыздарбекович Казжапаров) 2023 – 2024 жылдарға, «Нарық» пен «Мерей» сауда базарлары 2024 – 2025 жылдарға кіргізілген.

“

Жаңғыртуға жұмсалатын жалпы қаражаттың 10,75 пайызын мемлекет субсидиялап береді, қалған банктің пайыздық мөлшерлемесін кәсіпкер өзі төлейді. Мемлекеттік қолдау шаралары екі түрлі тәсіл арқылы көрсетіледі. Біріншісі – несие мөлшерлемесін субсидиялау. Екіншісі – несиеге кепіл болу.